Сыр бойы

№139
(19622)
20 ҚЫРКҮЙЕК,
БЕЙСЕНБІ
2018 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | 1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ | WWW.SYRBOYI.KZ

BÚGINGI SANDA

Үздік ұстаз үлгілі ұлт тәрбиелейді 2»

АҚШ–Қытай: сауда соғысы өрши түсті 3»

Жаңа интернет-ресурс 4»

Prezıdent

ЕСЕП КОМИТЕТІНІҢ ТӨРАЙЫМЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрайымы Наталья Годунованы қабылдады.

Кездесу барысында Елбасына Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің қазіргі қызметі және мемлекеттік бағдарламалардың аудиті, сондай-ақ өңірлердегі тексеру комиссияларына көрсетіліп жатқан әдістемелік қолдау жұмыстары туралы мәлімет берілді.

Нұрсұлтан Назарбаев бюджет қаржысын тиімді игеруді және оның қолды болуына жол бермеуді қамтамасыз ету ісіндегі Есеп комитетінің маңызды рөлін атап өтті.

– Есеп комитеті – мемлекет қаржысының орынды игерілуін және бюджеттің атқарылуын тәуелсіз бағалауды қамтамасыз ететін маңызды орган. Қаражат тек көзделген мақсатқа бөлінуге тиіс, – деді Қазақстан Президенті.

Н.Годунова «100 нақты қадам» Ұлт жоспары аясында жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік аудит жүйесін әлемдік стандарттарға сай жаңғыртудың барысы жөнінде баяндады.

– Қазіргі уақытта Есеп комитеті өз жұмысында қаржыға қатысты құқық бұзушылық фактілерін анықтау тәжірибесінен гөрі тиімділікті бағалауға басты мән беріп отыр. Біз қаржылық құқық бұзушылыққа негіз болатын себептерді анықтау ісінде аудит нысандарына қолдау көрсетеміз және тиісті ұсынымдар береміз, – деді Есеп комитетінің төрайымы.

Сонымен қатар, Н.Годунова мемлекеттік бағдарламалар мен мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына аудит жүргізу және республикалық бюджетті жоспарлау кезіндегі алдын ала бағалау жұмыстары жөнінде баяндады.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырма берді.

Egin-2018

ДӘН ДАЛАСЫ ДҮБІРГЕ ТОЛЫ

Сырбойылық диқандар қазір қызу жұмыс үстінде. Өңірдің ауыл шаруашылығы құрылымдары 10 қыркүйектен бастап жаппай күріш жинау науқанына кірісті.

Күні бүгінге дейін егістің 24,8 проценті немесе 24 499 гектары дестеге салынды. Оның 16 проценті бастырылды. Егінші қауым жылдағы әдетпен бұл жолы да жаз бойғы еңбегінің жемісін шашпай-төкпей жинап алуға асық. Биылғы ауа райы олар үшін сын болғаны жасырын емес. Мамыр, маусым айлары айтарлықтай жыли қойған жоқ. Шілдеде Сырдария өзенінде су көлемінің біршама азаюы мүмкін екенін мамандар алдын ала ескертті. Және тура солай болды да. Әйтсе де, жергілікті шаруалар кедергілерді жеңіп, межеленген мөлшерде өнім алуды көздеп отыр. Еске салсақ, сырбойылық күрішшілер былтыр бесінші жыл қатарынан рекордтық көрсеткішті жаңартқан еді. Олар гектарына 55,3 центнерден өнім алып, облыс тарихында алғаш рет қамбаға жарты миллион тоннадан астам астық құйды.

Аймақта бүгінгі күні өзге де дәнді дақылдар мен бақша өнімдері жиналып жатыр. Күздік және жаздық бидай, арпа дақылдары толығымен жиналып болса, дәндік жүгері мен тары бойынша жұмыс әлі де атқарылуда. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, дәндік жүгерінің – 57,5, тарының 16,7 проценті орып алынды. Ақ күрішпен аты шыққан өңір соңғы жылдары ауыл шаруашылығын әртараптандыруға ден қоя бастады. Мысал ретінде суды аз қажет ететін майлы дақылдардың көлемін көбейтуге кіріскенін айтуға болады. Соның ішінде қазіргі кезде барлығы 8687 гектар мақсары немесе жоспарлы көлемнің 84,5 проценті жиналып, 7159 тонна өнім алынды. Орта өнім гектарына 8,2 центнерден айналуда.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАРЫМЫ

Биыл Қызылорда қаласы бойынша 7686 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілсе, соның 3743 гектары – күріш. Шаруашылық құрылымдарының арасынан бірінші болып жуырда қарауылтөбелік диқандар егін оруды бастады.

Назерке САНИЯЗОВА.

Ы.Жақаев атындағы қазақ күріш ғылыми-зерттеу институтының осы елді мекендегі алқабында ұйымдастырылған рәсімге қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысты. Ол жиналған жұртты Астананың 20, Қызылорда қаласының 200 жылдығымен құттықтады.

– Бұл – дала еңбеккерлерінің осы мерейтойлар аясында туған жерге жасаған тартуы. Бұл – еселі еңбектің жемісі. Бүгін, міне, диқандар ақ алтындай тербелген егіс даласына алғашқы орақ салды. Осылайша олар қамбаны қызыл дәнге толтыратынына сенім зор, – деді қала әкімі.

Шара барысында қонақтар институт ұжымы ұсынған бидай, арпа, күріш пен жоңышқаның, «Үміт» шаруа қожалығы ұсынған картоптың жаңа сорттарымен, аграрлық сала мен агроөнеркәсіп кешені жетістіктерінің көрмесімен танысты. Қызылөзек ауылдық округіндегі аталған шаруашылық былтырдан бері 15 гектар аумаққа механикаландырылған тәсілмен картоп егіп келеді.

Ел қамбасын ырысқа толтыруда өңір еңбеккерлерінің еңбегі өлшеусіз. Оның ішінде облыс орталығы диқандарының үлесі зор. Қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Медет Сейілов мәлімдегендей, биыл ауыл шаруашылығы дақылдары жыл басында межеленген көлемнен 741 гектарға артық егілді. Шаруашылық құрылымдары жаздық бидай мен арпа, сұлыны жинап болды.

– Егін жинау ісіне 795 тонна дизель отыны, 159 тонна бензин, 48 тонна қою май кетті. 22 жатка, 24 комбайн, 58 трактор, 19 трактор тіркемесі, 22 астық тазалағыш, 12 жүк көлігі жөндеуден өткізілді, – деді ол.

Kentke – 70 jyl

ТАСБӨГЕТ

НЕМЕСЕ СУ ТОСПАСЫМЕН ТАМЫРЛАС ТАРИХ

Жыл басынан бері Есіл мен Сырдың жағасындағы Тәуелсіздіктің тірегі – Астананың 20 жылдық және алғашқы астана – Қызылорданың 200 жылдық мерейтойларын ел болып атап өтіп жатырмыз. Осындай тарихи кезеңде Қызылорданың іргесіне қоныс тепкен Тасбөгет кентінің құрылғанына да 70 жыл толды.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

Тасбөгет кентінің тарихы Сырдария өзеніне салынған су тоспасынан басталды. КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен ВКП(б) Орталық Комитеті оңтүстік облыстардағы елдің тұрмысын жақсартып, ауыл шаруашылығын өрістету мақсатында 1940 жылғы 16 сәуірде қаулы қабылдап, алып құрылыстың басталуына негіз қалады. Бірақ соғыс басталған соң қаржы мен жұмыс қолы жетіспегендіктен, құрылысты аяқтау кейінге шегерілді. Бұл су тоспасының маңыздылығына мән берген басшылық 1943 жылғы 11 қазанда «Сырдария өзеніндегі Қызылорда плотинасының құрылысын қайта қолға алу туралы» қаулы шығарып, 1945 жылғы 8 сәуірде құрылыс қайта жанданды. Оны салуға облыс пен аудандардан 17 мыңға жуық адам қатысты. Тоспаны салушылардың жанкештілігі турасында ел ішінде аңызға бергісіз әңгімелер әлі күнге дейін айтылады. Сол дәуірде Орталық Азиядағы алып құрылыс саналған Қызылорда плотинасынан 1956 жылдың маусым айында алғаш рет су жіберілді.

2-бет

Kásip

БАБЫН БІЛГЕНГЕ ҚҰС ТА БЕРЕКЕ

Арал мен Қазалы аудандарының шекарасында Ақбай аталатын елді мекен бар. Аталған қонысты ел арасында құт дарыған жер деп біледі. Оған себеп те жоқ емес. Ауылдың нақ іргесіндегі биік төбе маңайға ерекше айбат, өзгеше көрініс беріп тұр.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Осынау киелі топырақта кәсіпкерлік саласына айтарлықтай мән беріледі. Олардың арасында мемлекеттен несие алып, шаруасын дөңгелентіп отырғандар бар. Солардың бірі – «Арал құс» СПК жетекшісі Гүлнар Әлібаева. Гүлнардың негізгі мамандығы мұғалім. Ауыл мектебінде жұмыс жасап жүрген ұстаз тоқырау кезеңінде кәсіп жасауға бел байлады. Сонан бері де сырғып сан жыл өтті. Өткен жылы жолдасымен, отбасымен ақылдасып құс шаруашылығын қолға алады. Мұндай шешім қабылдауға тұрғылықты жердің ауыл шаруашылығы бағытына бейімділігі де ықпалын тигізді.

Осылайша, өткен жылы аудандық кірістер және әділет басқармаларына тіркеліп, өзінің жеке кәсіпкерлігін ашты. Келесі кезекте өңірлік инновациялық орталығы арқылы 16 миллион теңге несие алуға қол жеткізді. Мұнан соң Ақбайдың іргесіндегі «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» күре жолының бойынан жер телімін иеленіп, құс өсіру цехының және тұрғын үй құрылысын жүргізді. Электр жарығы тартылып, су жүйесі жеткізілді. Құс өсіретін инкубатор жеткізді. Осы жылдың сәуір айында Ресейден қаз және үйрек балапандары жеткізілді. Қазіргі уақытта 6 адам тұрақты еңбек ететін ұжымның есебінде екі мыңға тарта қаз-үйрек бар. Жалақы кешікпей босатылып, тиісті төлемдер уақытылы аударылады. Десе де әр жұмыстың өзіндік қиыншылығы бар. Аяқ суды «Шолақ» каналынан алатын «Арал құсты» да биылғы судың тапшылығы айналып өтпеді. Ал судың қаз-үйрекке қаншалықты маңызды екені айтпаса да түсінікті. Оған қоса уақыт тығыздығынан жем-шөпті сырттан сатып алуға тура келді. Бұл да өзекті мәселе. Алайда кәсіпкер қол қусырып отырған емес. Алдағы уақытта жоңышқа, басқа да құсқа қажетті дәнді дақылды өсіруді жоспарға алған. Жақын арада біршама қаз-үйрек етін саудаға шығармақ. Бұл ретте Арал, Қазалы аудандарының жәрмеңкесіне қатысу да назарда тұр.

«Бастау» жобасының аясында жұмыс орындарын ашып, кәсібін жүргізгені үшін «Арал құс» СПК жетекшісі Гүлнар Әлібаева «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының «Алғыс хатымен» марапатталып, жобасы үздіктер қатарына енгізілгенін айта кеткен де жөн.

Арал ауданы.

Bilim

Шиелі ауданындағы №127 Ш.Уәлиханов атындағы мектеп-лицейі – аудан абыройын асқақтатып жүрген іргелі білім ордасының бірі. Жыл сайын Ұлттық бірыңғай тест қорытындысы бойынша өзге білім ұяларынан озық көрініп жүрген мектеп тәрбие беру ісінде де көпке үлгі.

ҮЗДІК ҰСТАЗ ҮЛГІЛІ ҰЛТ ТӘРБИЕЛЕЙДІ

Айнұр БАТТАЛОВА.

Ауласынан кірген бойда мұнтаздай тазалық, ұқыптылық бірден баурап алды. Бізді мектеп директоры Гүлшар Әбдіқадірова бастаған ұжым мүшелері қарсы алды.

Тарихы 1986 жылдан басталатын білім ордасы күні бүгінге дейін білім беру ісінде талмай ізденіп, жетістіктерге жетіп келеді екен. Талай талантты да білімді жастар түлеп ұшқан ұя уақыт үнімен ілесе еңбек етуді мақсат етеді. Соның негізінде 2002 жылы лицей мәртебесін алды. Содан бері абырой биігінен көрініп келеді. Мәселен, биыл түлектердің білімін саралайтын Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағында аудан бойынша жоғары 125 балды осы лицей түлегі Табиғат Матхановтың алғаны сөзіміздің айқын дәлелі. Бүгінгі таңда мектепте 900 оқушы бар, 7 бірінші сынып қабылданған.

Жыл сайын ҰБТ-дан жақсы көрсеткіштерге қол жеткізіп келетін білім ұясында 2015 жылы орташа балл 88-ді құраса, 2016-2017 оқу жылында 3 оқушы, 2017-2018-де 5 оқушы «Алтын белгі» иегері атанған. Өткен оқу жылында 23 оқушы ҰБТ-ға қатысқан. Қорытындысы бойынша орташа балл 90,3-ті құраған. Түлектердің 15-і мемлекеттік грант иегері атанса, 1 оқушы шетел грантын, 2 оқушы облыс әкімі грантын, 2 оқушы ректор грантын иеленген.

– Бұл тек ҰБТ бойынша жетістіктеріміз. Тәрбие беру ісінде, өнерге баулу бағытында да қол жеткізген табыстарымыз көп-ақ. Әрбір жетістіктің артында ұстаздарымыздың өлшеусіз еңбегі тұр. Ал сол еңбекті ақтай білер шәкірттер біздің алтын ұядан шыға береді деп сенеміз,– дейді Гүлшар Бердіәліқызы.

Иә, істің қиюын келістіретін қашан да мықты кадр екені белгілі. Бұл жағынан келгенде Гүлшар Әбдіқадірова жетекшілік ететін ұжым озық тұр деуге болады. Ұжымда жалпы 117 мұғалім еңбек етеді. Оның 113-і жоғары білімді, 4-і орта білімді, жоғары санаттысы – 25, 45-і бірінші санатты.

Елбасының биылғы Жолдауында білім саласын жетілдіруге қатысты тапсырмасына сәйкес, былтырғы оқу жылында 8 мұғалім педагог-зерттеуші, 6 мұғалім педагог-сарапшы, 5 оқытушы педагог-модератор біліктілік санаты бойынша үстеме ақы алса, мектеп мұғалімдерінің 85 проценті қазіргі заман талабына сай жаңартылған білім мазмұны бойынша білімдерін жетілдірген.

– Былтырғы оқу жылында орта білім мазмұнын жаңарту аясында «Тілдік құзыреттілік», химия, физика, биология, информатика пәндерін ағылшын тілінде оқыту курсында 4 маманымыз білімдерін жетілдіріп, қазіргі таңда аталған пәндерден «терминология» курсын енгізіп, ағылшын тілінде сабақ өткізуді жоспарлап отырмыз, – дейді мектеп директоры.

Ауданда ҰБТ қорытындысына сәйкес таңдау пәнінен ең жоғары балл жинаған оқушылардың мұғалімдерін марапаттап, ынталандыру жолға қойылған. Бұл орайда №127 мектеп ұстаздарының мерейлері үстем болып жататыны дәстүрлі жағдай. Биыл да түрлі пәндер бойынша Фарида Кембаева, Жұмақүл Әшірова, Гүлсім Бегалиева және Сандуғаш Мұсабаева марапатқа ие болды. Сонымен бірге жоғарыда айтып өткен аудан бойынша ең жоғары 125 балл жинаған Табиғат Матхановтың бастауыш сынып жетекшісі Меруерт Әбдіқожаева мен математика пәні мұғалімі Фарида Кембаева аудан әкімінің арнайы сыйлығын иеленген.

Облыс әкімінің әр жылдардағы арнайы сыйлығының иегерлері де, «миллионер» мұғалімдер де осы мектептен табылады. Мәселен, Қалмира Нұғманова 2010 жылы облыс әкімінің 200000 теңге сыйақысын алса, 2012 жылы Жәмилә Аманжолова 150000 теңге сыйақыға ие болған. Ал, 2013 жылы Жұмақүл Әшірова миллионер мұғалім атанса, 2014 жылы бұл атаққа Ғалия Оспанова ие болғаны – білім ордасы үшін үлкен мақтаныш.

Жетістікке жетуде материалдық базаның сай болуы да басты орында. Бұл орайда мектеп-лицей көпке үлгі бола алады. Мұнда биология, химия кабинеттері жаңартылған. Өзге кабинеттер де талапқа сай.

Мұнда кезде «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру бастамалары батыл қолға алынып отырғанын да байқауға болады. Мектептегі барлық компьютер интернет жүйесіне қосылған. 3 информатика кабинеті, робототехника үйірмесі қазір оқушылардың ең көп уақыт өткізетін орнына айналған. Үйірме жетекшісі Құралай Қалдыбекова жас жеткіншектерді заманауи өнердің қыр-сырына үйретуде талмай ізденіп келеді.

Мектепте тәрбие ісі де жолға қойылған. Таеквондо, тоғыз құмалақ, шахмат секілді спорт үйірмелері жұмыс жасайды. Сонымен бірге «Жас техник», «Жас биолог», «Жас тілші» үйірмелері де балалардың үлкен қызығушылықпен қатысатын қосымшалары.

Мектеп оқушылары оқумен қатар түрлі деңгейдегі ән-жыр байқауларында жүлделі орындарға ие болып, мектеп ғана емес, аудан абыройын асқақтатып жүр. Мәселен, Ш.Әкім республикалық «Тайжарыс» әндер байқауының, республикалық XV «Абай оқулары» байқауының жеңімпазы болса, Б.Бауыржан республикалық «Інжу-маржан» өнер байқауының ән жанры бойынша жеңімпазы.

Жеткіншектерге білім мен тәрбие беруде үздіксіз ізденіп, талмай еңбектеніп жүрген мектеп ұжымы қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысады. Соның нәтижесінде бірқатар марапаттарға ие болған.

Тәуелсіз елдің жарқын келешегіне жан-тәнімен қызмет етіп жатқан бұл ұжымның берекелі тірлігі бізді де ерекше сенім мен сезімге бөледі.

Қызылорда-Шиелі-Қызылорда.

ТАСБӨГЕТ

НЕМЕСЕ СУ ТОСПАСЫМЕН ТАМЫРЛАС ТАРИХ

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы 1948 жылғы 16 наурызда құрылыс салуға қатысып жатқан жұмысшылардың ірге тепкен мекенінде Тасбөгет поселкелік кеңесін құру туралы жарлық қабылдады. Жарлыққа сәйкес Қызылорда облыстық кеңесі атқару комитеті 1948 жылғы 9 шілдеде шешім қабылдады. Осы шешіммен ұйымдастыру бюросының төрағасы мен хатшысы белгіленді. Штат бірлігі бекітіліп, сол аумақтағы толық емес орта мектеп, жұмысшы жастардың кешкі мектебі, бөбекжай мен балабақша, дәрігерлік пункт пен фельдшерлік пункт кеңес қарамағына берілді.

Сыр елінің ақ күріштің отанына айналуы осы Қызылорда плотинасын салынуынан бастау алды. Сырдария арнасындағы су реттеліп, өзен бойындағы игерілмей жатқан жер егіс алқабы ретінде пайдаланылды. Халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы жақсарды. Плотина салынбай тұрып, 1945 жылы облыстағы барлық егіс көлемі 67,2 мың гектар, оның ішінде тек 21,4 мың гектары ғана күріш алқабы болса, 1987 жылы облыс шаруашылықтарында егіс көлемі 243 мың гектарға, оның ішінде күріш дақылы 90 мың гектарға жетті. Мемлекетке 382 мың тонна астық тапсырылса, оның 347 мың тоннасы күріш болды.

Тасбөгет 1958 жылғы 28 қаңтарында Сырдария ауданының орталығы болды. 1963 жылдың басында Сырдария ауданы Тереңөзек ауданына қосылып, аудан Тасбөгет поселкесінен Тереңөзекке көшірілді. Арада 4 жыл өткен соң, яғни 1967 жылы 4 қаңтарда Сырдария ауданы қайта құрылып, орталығы бұрынғы Тасбөгет поселкесі болды. Содан отыз жылдан кейін 1997 жылғы маусым айындағы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысымен Сырдария ауданы таратылып, Тасбөгет кенті Қызылорда қаласының әкімшілік-аумақтық бағынысына берілді.

Қазір Тасбөгет Қызылорда қаласына қарасты кент және ауылдық округтердің ең ірісі, облыс орталығының оңтүстігінде 3 мың гектардай аумаққа орналасқан. Кейінгі жылдары кент тұрғындарының саны еселеп өсіп, «Сабалақ» саяжайлары мен «Иіркөл» елді мекенін қоса есептегенде 30 мыңға жуықтады. Аумағына 4 орта мектеп пен бір дарынды балаларға арналған мектеп-интернат, 8 балабақша, № 4 емхана, облыстық балалар ауруханасы, облыстық туберкулезге қарсы диспансерінің І-корпусы, отызға тарта мекеме, 610 кәсіпкерлік нысаны бар.

Халық санының өсуіне орай Тасбөгеттің де іргесі кеңейіп келеді. Қазір көше саны 53-ке жетті. Даму жоспарында белгіленгендей, көшелерді жөндеу мен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту облыс және қала әкімдерінің қолдауымен жүзеге асып келеді. Жаңа қоныс көшелер салынып, бұрынғылары жөндеуден өткізілуде. Былтырғы жылдың өзінде 9 көше күрделі, 3 көше орташа жөндеуден өткізілсе, 5 көшеге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Кент тұрғындарының 90 проценті ауыз сумен қамтылған. Бұл көрсеткішті толықтыру үшін биыл ұзындығы 12 шақырым болатын ауыз су желісінің құрылысын салу қолға алынды. Құрылыс аяқталған кезде ауыз су мәселесі толық шешімін табады. Оған қоса «Сабалақ» саяжай 17 шақырым ауыз су желісін салуға бюджет қаржысы бөлінді. Қазір кент тұрғындары толықтай табиғи газды тұтынып отыр.

Кентте кәсіпкерлікпен айналысатындар саны жыл өткен сайын артып келеді. Екі ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінде жүзге тарта адам мал шаруашылығын өрістетуге жұмыс істеп жатыр. Мұндағы 4 орта мектепте 4774 бала білім алуда. Сондай-ақ 2 мемлекеттік және 6 жеке балабақша бар.

Қазір Тасбөгет кентін одан әрі дамытудың, өркендетудің нақты жоспары жасалған. Жыл өткен сайын көркейіп, халқының саны өсіп, адамдардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасалған қала типтес елді мекен мерейлі мерекесін осындай табыстарды тоғыстыра отырып қарсы алуда. Жаңа Астана мен алғашқы астананың алқалы тойымен орайлас келген мерекелік жыл Тасбөгеттің жаңа тарихына бастау болары сөзсіз.

1-бет.

Brıfıng

АУДАН МЕРЕЙТОЙЫНА АУҚЫМДЫ ШАРАЛАР

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Жаңақорған ауданының әкімі Ғалым Әміреев ауданның 90 жылдығына өтетін шаралар барысы туралы айтты. Ауданның мерейтойы «Сырға толы Сығанақ» атты этно-думанды шарамен басталып, 2 ай көлемінде тойланатын болады.

Шынар БЕКБАН.

– Бағдарлама аясында мәдени-көпшілік және спорттық шаралар өтеді. Сондай-ақ, биыл халық ақыны Манап Көкеновтің туғанына 90 жыл толады. Осыған байланысты айтыс ақтаңгерінің бюсті ашылып, республикалық ретро-айтыс ұйымдастырылады. Шаралар аясында «Алтын күз-2018» ауыл шаруашылығы саласының үздіктері марапатталып, эстрада жұлдыздарының гала-концерті ұйымдастырылмақ, – деді Ғ.Әміреев.

М.Көкенов атындағы аудандық мәдениет үйінде қазақ елінің дара тұлғасы, Қазақстан Республикасының халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, дирижер Төлепберген Әбдірашевтің 70 жылдығына арналған республикалық камералық оркестрлердің фестивалі өтеді. Оған Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Қостанай, Ақтөбе, Қызылорда облыстарынан камералық оркестрлер қатысса, Түркістан облысы опера және балет театрының симфониялық оркестрі қонақ ретінде өнер көрсететін болады. Сонымен қатар, Машбек Нәлібаевты еске алуға арналған түйе палуандардың республикалық ашық турнирі еңбек ардагерінің есімін иеленген ауылда өтеді.

Қазан айында ауданның 90 жылдығы аясында көпқабатты тұрғын үй және 1 жатақхана, сондай-ақ, 2 спорт кешені ел игілігіне берілмек.

ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ ҚЫРАҒЫ БАҚЫЛАУДА

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің басшысы Ұлбосын Аханаеваның қатысуымен брифинг өтіп, саланың биылғы 8 айда атқарған жұмыстары сараланды.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Департамент басшысының баяндауынша, осы жылдың есепті мерзімінде облыс көлемінде жұқпалы аурулардың өсуі байқалмаған. Керісінше, өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда жұқпалы аурулар бойынша аурушаңдық көрсеткіштің 13 нозологиясы бойынша ауру деңгейі төмендеген. Ал, туляремия, күйдіргі, сал, тырысқақ, іш сүзегі, қызылша, көкжөтел, оба, сіріспе секілді бірқатар аурулардың мүлдем тіркелмегені тіпті қуантады.

Есепті мерзімде жедел вирусты гепатиттің А түрінің 21 жағдайы тіркелген. Ауруға шалдыққандардың 62 проценті 14 жасқа дейінгі балалар болып отыр. Облыс бойынша эпид ахуалды тұрақтандыру және ауру деңгейін төмендету мақсатында жергілікті бюджеттен 238,9 млн теңге бөлініп, 47900 доза вакцина сатып алынған. Бүгінгі таңда аталған ауруға қарсы жоспарлы түрде, яғни, 2 жастағы 8066 балаға профилактикалық егулер жүргізіліп, қамту көрсеткіші 74 процентті құраған.

Облыс бойынша менингококк инфекциясының 3 жағдайы тіркелген. Барлығы Жаңақорған ауданында орын алған. Ауруға шалдыққандардың біреуі ересек адам болса, біреуі студент, бірі мектеп оқушысы.

Есепті кезеңде өңірде жедел респираторлы-вирусты инфекциясының 11166 жағдайы есепке алынып, 100 мың тұрғынға шаққанда аурушаңдық көрсеткіш 1458,81-ді құрап, өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 15 процентке жоғарылағанымен, орташа республикалық деңгейден 1,5 есеге төмен болып қалыптасуда. Зертханалық жолмен нақтыланған тұмау ауруының 123 жағдайы есепке алынды.

– Тұмаудың эпидахуалын тұрақтандыру және ауру деңгейін төмендету мақсатында жыл сайын жергілікті бюджеттен ауруға қарсы вакцина сатып алуға қаржы бөлінеді. 2017-2018 жылғы эпидмаусымға қаралған қаржы көлемі 19,4 млн теңгені құраса, 2018-2019 жылғы эпидмаусымға бөлінген қаржы 3,4 есеге дейін өсіп, 66,5 млн теңгені құрады. Бүгінгі таңда тұмауға қарсы екпелерге Ресейде өндірілген «Гриппол плюс» вакцинасы пайдаланылады, – деді Ұ.Аханаева.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасына күдікті ретінде 12 науқас тіркеліп, 3 жағдай зертханалық жолмен нақтыланған. Жалпы, мамандар облыста кене шағу жағдайының 23,5 процентке төмендегенін айтады.

Облыс көлемінде барлығы 1904 тағам нысаны есепте болса, оның 419-ның эпидемиологиялық маңыздылығы жоғары. Есепті мерзімде барлығы 103 нысанға тексеру жүргізілген.

КӨМІР БАҒАСЫ ҚАЛЫПТЫ

Бүгінде облыс бойынша көмір тапшылығы жоқ. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде 2018-2019 жылдардағы жылу беру маусымында жергілікті тұрғындарды көмірмен қамтамасыз ету бойынша өткен баспасөз конференциясында облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жоламанов мәлімдеді.

Шынар БЕКБАН.

– Біздің есебіміз бойынша, облыс тұрғындарына қажетті көмір 207 мың тонна болса, қазіргі таңда оның 25 проценті келіп, халыққа таратылуда. Бүгінде ешқандай бағаның ауытқушылығы сезіліп жатқан жоқ. Облыс аумағында 36 көмір жинақтау орны бар, оның 5-і қалада. Біз күнделікті мониторинг жасап отырамыз. Қазір баға 14-16 мың теңге аралығында, – деді Ерлан Жоламанов.

Жеткізілетін көмір қорының кестесі әзірленіп, биыл маусым айынан бастап Қарағанды облысының Шұбаркөл, Шығыс Қазақстан облысының Қаражыра және Павлодар облысының Екібастұз, Майкөбен көмір өндірушілерінен темір жол арқылы тасымалдануда.

Брифингте қыстың қамын кейінге қалдырмау жайлы да айтылды. Сондай-ақ, тұрғындар жылу маусымына дайындықтарын кейінге қалдырмай, қажетті отынды дер кезінде жинап алса деп ескертеді.

– Қыс мезгілінде дүрбелең болмас үшін тұрғындар осы бастан қажетті отынды қамдап алуы қажет. Себебі, күн салқындағанда сұраныс та жоғары бола түседі. Ортадағы делдалдар бағаны көтеріп жібереді, – деді Е.Жоламанов.

Мерей

«Жүрген соң бауырында күнде көріп,
Таулардың биіктігі байқалмайды!..» дегендей, қоғамда ғұмыр кешіп жүрген кей тұлғаларды өмірінің сүрлеулі-соқпақты жолына рух көзімен қарағанда ғана танып қалатынымыз ақиқат. Белгілі қоғам қайраткері, Қызылорда қаласының құрметті азаматы Баянбай Сыздықұлы Сыздықов та кемел кейіпкер, тұлға.

БАЙТАҚ ЕЛДІҢ БАЯНБАЙЫ

1938 жылдың көктемінде туған Баянбай Сыздықұлының балдан тәтті балалық шағы сұм соғыс уақытымен тұспа-тұс келді. Таршылық тұқыртқан, жоқшылық жұқартқан заманның мектебінен тәлім түйіп өскендіктен бе екен, әйтеуір бала Баянбай зеректігімен дараланады. Білім шаңырағына қадам басқаннан бастап ол ұстаз атты ұлылықтың қадіріне жетуді үйреніп, үздік оқушылардың сапына табан тіреді.

Осылай басталған тағылымды ғұмыр уақыт баспалдақтары арқылы бозбала шаққа жетіп, жоғары білімді көздеген Баянбайдың талабына сол баяғы жетіспеушілік бұғау салса да арманы күш бітіріп, Қызылорда ауылшарушылық техникумының техник-механик факультетінің студенті атанды. Осы оқу орнын 1958 жылы үздік тәмамдап, басшылық түлектерді жан-жаққа бөлгенде Баекеңнің жолдамасы Қарағанды қаласына бұйырып, сол арқылы үлкен өмірдің жолына түседі.

Араға жылдар салып, туған жерге қайта оралған Баянбай Қазалы ауданындағы Бірлік қыстағында бас инженер қызметін абыроймен атқара жүріп, отбасын құрып, тұңғыш нәрестесін сүйіп те үлгерді. Отбасы мен қызмет тізгінін тең ұстап үйренген ол 1961 жылы ілімін жетілдірмек мақсатта Алматы қаласына жол тартып, политехникалық институттың «металлургия» факультетіне қабылданып, талапкер атанады. Сол жылы партия тарапынан қаулы шығып, «металлургия» факультетінде оқитын барлық студенттер Теміртау қаласына жіберіліп, металлургия зауытында жұмысқа жасайды. Дәл осы жылдарда Баекең Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен бір жатақханада тұрып, ең керемет студенттік шағын бірге өткізеді.

1963 жылы асқақ арманы алға тартып, Мәскеу политехникалық институтының «автомеханика» факультетіне оқуын ауыстырып, оны тәмамдап, жоғары білімді «инженер-механик» маманы атанады.

1969 жылы туған жерге оралып, сол кездегі Қызылорда облыстық автокөлік басқармасының бастығы Жақсыбай Маматовтың шешімімен қалалық №1 автотранспорт мекемесіне бас инженер қызметіне бекітіледі. Осы жылдардағы атқарған жұмыстары мен жемісті еңбектері еленіп, құрметке ие болады. Араға ай салып, аталған мекеменің директоры қызметіне жайғасады.

Осы абыройлы міндеттің салмағын жанымен түсініп, адалдығын мансаптан биік ұстау арқылы есіміне жаман сөз жуытпай, қызметтегі табыстары мен жетістіктері арқылы биіктеген үстіне биіктей түсіп, әкесі артқан сенімді ақтау жолында тынбай еңбектенді. Сол жылдарда қарамағында жұмыс істеген қай қызметкерден де Баекең туралы сұрасаңыз, ақтарылып жауап беріп, жасаған жағдайын тебірене айтатыны көзім көрді.

Сол уақыттардағы облыс тізгінін ұстаған Исатай Әбдікәрімов, Тәкей Есетов, Владимир Ковалев, Зылиха Наурызбаева, Әбдіржан Қалыбаев, Ыдырыс Қалиев сынды тұлғалардың сеніміне ие болып, қатар жүріп, аймақтың тыныс тіршілігінде ойып орын алды.

Ірі істердің басы-қасында жүрген ол тындырымды тірліктерді жасауы арқылы сатылай көтеріліп, қалалық атқару комитетіне басшылық қызметке ұсынылып, орынтаққа жайғасар тұста облыста орын алған көлемді өзгерістің құттықтау шарасында сөйлеген сөзі бірер топшысы алымды кісіге жақпай, назарға жағымсыз кейіпте ілінеді. Арада 3 күн өткен соң еш себепсіз, еш дерексіз 1985 жылдың 16 ақпанында үйін қоршаған, суық қаруланған құқық қызметкерлерінің қысымына түсіп, тергеу орнына жөнелтіледі. Жыл өткен сайын биіктеп, қоғамда қадірін арттыра бастаған Баянбай Сыздықұлының әбігерге, күреске толы өмірінің жаңа бөлімі дәл осы уақыттан басталды.

Себепсіз жиналған деректемелер, жазықсыз жабылған жала, өтірік тағылған айып, белгісіз мекеннен келген нұсқаулар оны абыройсыздыққа ұшыратып, түрмеге отырғызып тынды. Бірақ Баекең сол баяғы әділдік үшін күресін тоқтатқан жоқ.

Түрмедегі алғашқы күні:

«Хат жазам қалам алып
құрбы-досқа,
Жатқасын қамау үйде қарап досқа.
Шулаған бұралқы иттер
сүріндірді,
Түлкіше тұншықтырып ұстап
ысқа...», – деп келетін өлең жолдарын қағаз бетіне түсіреді. Ыза, кек, күйік, іштегі арыстанша ақырған алып

күштің тұсауға түсіп, торыққандағы кейпі оның ақындық қырын ашып, темір тордың ар жағынан ұрпақтарына, жарына, ағайын-туыс, дос-жарандарына хат-өлеңдерін жолдап, іштегі күйін поэзияның қуатымен бәсеңдетіп күн кешеді.

Азапқа толы жылдар, сүреңсіз күндер Баекеңнің төзімін шойындай шыныктырып, сабырын сарқылмайтын дәрежеге жеткізіп, өмірге деген құлшынысын арттырып, әділдік үшін күресте қуатын күшейте түсті. Темір торда отырғанда да ол өзінің басшылық қырын, ұйымдастырушылық қабілетін көрсету арқылы жұмысшы топтың басшысы болып сайланып, тәртібі үшін уақытынан ерте босап, бостандыққа шығады. Шылбырдан босаған тұлпардың жазық көрсе шаба жөнелетініндей Баекең де еркіндікке шығып, әділдік үшін күресін әрі қарай жалғастырды. Өз абыройын ақтау үшін, арының тазалығын дәлелдеу үшін ҚазКСР Бас Прокуратурасына, КСРО Бас Прокуратурасына дәйектемелер арқылы хат жазды. Істі қайта қаратып, қайта тергеу жүргізіліп, жабылған жалалардың жалған екенін дәлелдеді. 1991 жылдың 20 маусымында сол кездегі Жоғарғы Сот Төрағасы Тамас Айтмұхамбетовтің және комиссия мүшелерінің шешімімен ақталып, қызметке қайта орналастырылды. Жазықсыз теміртторға түскені үшін моральдық және материалдық шығын ретінде қомақты өтемақы төленіп, көздеген әділдігін жеңістің шыңына жайғастырды.

Бір күні мың айға татитын түрмеде өткен уақыт, арпалыс, жалақорларда кеткен есе, тамырына балта шабылған өсу жолы... Бұлардың бәрі оның өзегін өксітетін өкініштер еді...

Тағдырдың басқа салғанын мойымай көтеріп, түзу жолынан айнымай, дара жолын даңғылға айналдырған даңғайыр тұлғаның әр қасиетін бүгінгі күннің ерлеріне өнегелеп, насихаттаса да артық емес.

«Заманның суығына тоңып
барам,
Бір пәсте тіршілігім болып
қаран.
Қақтасын мейлі мені отқа салып,
Әділдік, сені аман алып қалам!» – деп жырлаған жанның азапты ғұмырын тілге тиек ету арқылы одан қайсарлықты, табандылықты, айбаттылықты, мақсат қоюды үйренуге болады.

«Өмірде пенделер-ау,
қандайсыңдар?!,
Зұлымдыққа уақытты
арнайсыңдар.
Атқын, мейлі азапта,
қорықпаймын,
Жаңғақ құсап шағып тастай алмайсыңдар!», – деп дәуірге сесін көрсеткен азаматтың қоғамға кеткен есесінің есебін ешкім бермесе де Баянбай ағамыз өз ғұмырының есебін өлеңімен бергендей.

Бостандыққа шыққаннан бастап қызметіне қайта келген ол өзі басқарып отырған мекемесін әрі қарай гүлдендіріп, өсу сатысын қайта қалпына келтірді. Жомарт жүрегінің жылу-шарапаты жоқтық қинаған талайға тиіп, алғысқа бөленді. Баекеңмен сырласқандағы аңғарғаным, ол үшін марапаттар мен наградалар, сыйлықтар – шартты дүние, бастысы, жан тазалығы мен әділетті қоғамның қалыптасуы екен. «ҚР Автокөлік саласының үздігі», «Қызылорда қаласының құрметті азаматы» атақтары оған ерлікке толы жылдары үшін берілген марапаттар деп білемін.

Қазыналы қарияға айналған Баянбай Сыздықов биыл сексеннің сеңгіріне аяқ басты. Қарттық жасына келсе де әлі үзеңгісін босатпай, облыстағы тасымалдау саласын дамытумен келеді. Бүгінде басқарып отырған «Қызылорда автовокзалы» мекемесі аймақтағы халыққа қызмет көрсететін және бірнеше жүздеген отбасыны жұмыспен қамтып отырған мекеме ретінде көпшілікке етене таныс.

Мерейлі жылында ағамыздың ел игілігі жолындағы еңбегі берекелі бола бергей деп тілейміз.

Мақсат ДАУЫЛБАЙ,
«Самғау» жастар сыйлығының иегері.

Shetel jańalyqtary

АҚШ–Қытай: САУДА СОҒЫСЫ ӨРШИ ТҮСТІ

Бірнеше айдан бері АҚШ пен Қытай арасындағы сауда соғысы ақпарат кеңістігінің басты тақырыбына айналды. Қос алып арасындағы экономикалық текетіресте кім басым түседі? Құрама Штаттардың сауда тапшылығы шілде айында 50 миллиард долларды құрады.

Бұл былтырғы маусым айындағы көрсеткішпен салыстырғанда 9,5 процентке артқан. Сарапшылардың айтуынша, бұл – 2015 жылдан бергі ең төменгі көрсеткіш. «Блумберг» агенттігінің хабарлауынша, экспорт деңгейі Қытайдың бірқатар американдық тауарға салық салуынан төмендеген. Бейжің де Вашингтон салған салықтың зардабын тартып отыр. Ал Ақ үй басшысы Дональд Трамп АҚШ-тың сауда текетіресіне қатысты Қытаймен келісімге келуге дайын еместігін алға тартты. Айтуынша, Вашингтонға Бейжіңнің ұсынған шарттары ұнамайды. Ақпарат көздерінің мәліметінше, сауда соғысынан қос тарап та қомақты қаражат жоғалтады. Дүниежүзілік банк жүргізген зерттеу көрсеткендей, екі жақ та ұзаққа созылған соғыстан ұтылады. Қаржы ұйымының дерегі бойынша, Қытай мен АҚШ-тың жыл сайынғы экспорт көлемі 40 миллиард долларға азайып отырады. Егер осылай жалғаса беретін болса, Бейжіңнің Вашингтонға экспорты 190 миллиард доллар, ал Құрама Штаттардың Аспан асты еліне экпорты 166 миллиард долларды құрауы мүмкін.

Сарапшылар қос державаның текетіресінен Қытай жеңіп шығады деп жатса, ал кейбір ақпарат құралдары Дональд Трамп ұстанған саясатты жақтайды. Дегенмен, сарапшылардың басым бөлігі бұл сауда соғысынан екі мемлекет те ұтылатынын айтуда. Ал американдық экспорттаушылар тауарларын енді Қытайдан басқа елдерге экспорттаудың жолын қарастырып жатқан сынайлы.

Көпшілікке мәлім, Қытай жуырда АҚШ-тан әкелінетін соя бұршақтарына салық салған болатын. Осыдан кейін қытайлықтар соя бұршақтарын импорттаушы елді іздей бастады. Осылайша Құрама Штаттарға бағытталған салықтың арқасында Бразилия өз өнімін Қытайға сатып, жаңа жұмыс орындарын аша бастады. Алыптардың сауда соғысы осылайша үшінші елдердің мүддесіне қызмет жасауда.

ҮШІНШІ КОРЕЯ САММИТІ

Сейсенбі күні Оңтүстік Корея президенті Мун Чжэ Ин үш күндік сапармен Пхеньянға келді. Әуежайда оны Солтүстік Корея президенті Ким Чен Ын күтіп алды. Бұл – Оңтүстік Корея президентінің соңғы 11 жылдағы Солтүстік Кореяға жасаған алғашқы сапары.

Мун Чжэ Ин мен Ким Чен Ын екеуі бір көлікке отырып, сыйлы қонақтарға арналған "Пэкхвавон" резиденциясына барды. Онда бүгін келіссөздердің алғашы кезеңі басталады. Екі ел президенті Солтүстік Корея ядролық бағдарламасын тоқтату, қос Кореяның өзара байланысы, Пхеньян мен Вашингтон арасындағы диалогтың жалғасы сияқты мәселелерді талқылайды.

Бұл – қос Корея жетекшілерінің соңғы бір жылдағы үшінші саммиті. Екі саммит биыл сәуір мен мамыр айларында өткен. Сәуірдегі кездесуінде Мун Чжэ Ин мен Ким Чен Ын екі ел арасында бейбіт келісім жасауға ниетті екендіктерін мәлімдеген.

ХАКЕРЛЕР ДЕПАРТАМЕНТТІҢ ПОШТАСЫН БҰЗДЫ

Хакерлер АҚШ Мемлекеттік департаментінің аса құпия емес электронды поштасын бұзып, мекеменің бірнеше қызметкерінің жеке мәліметтеріне қол жеткізген. Бұл туралы дереккөзге сүйене отырып, американдық «Politico» басылымы хабарлады. Кибершабуылды кімдер жасағаны білгісіз.

Электронды пошта бұзылғаны жайлы ақпаратты Мемлекеттік департамент қызметкерлері қыркүйектің басында алған. БАҚ мәліметінше, ведомстволық құпия құжаттарына қауіп төнбеген. Хакерлік шабуыл қызметкерлердің бір процентіне жуығының ғана поштасына зиян келтірген. Қазір осы оқиғаны тексеру үшін жұмыс тобы құрылды.

«Politico» Мемлекеттік департамент серверлеріне жасалған ең ауқымды кибершабуыл 2014 жылы болғанын еске салады. Оған ресейлік хакерлердің қатысы бар делінген.

АҚШ биыл тамызда ресейлік әскери барлау қызметіне қарасты 12 хакерге сырттай айып таққан. Олар Америкадағы сайлауға араласты деп айыпталып отыр.

Жарнама Тел: 70-00-49, 70-00-52 e-mail: smjarnama@mail.ru

Қызылорда облысының прокуратурасы, 120001, Қызылорда қаласы, Нұрмақов көшесі, №1 үй, анықтама үшін телефон (7242) 274375, факс (7242) 270172, электрондық мекенжай 7242380@prokuror.kz, бос прокурорлық лауазымға
КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ

Бос орындар:
- Арал аудандық прокуратурасының прокуроры – С-RGP-5 (бір бірлік);
- Қазалы аудандық прокуратурасының прокуроры – С-RGP-5 (бір бірлік).

Функционалдық міндеттері:
Жеке және заңды тұлғалардың конституциялық құқықтарының сақталуын қадағалауды, заңдылықтың сақталуын заңда белгіленген шекте және нысандарда қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және заңда белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Еңбекақысы 76 274 теңгеден жоғары.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:
- функционалды бағыттарға сәйкес келетін жоғары кәсіби білім;
- құқық қорғау органдарына қызмет атқару үшін қажетті болған денсаулығының жарамдылығы.

Құжаттарды қабылдау мерзімі: хабарландыру жарияланған күннен бастап 5 жұмыс күн ішінде Қызылорда қаласы, Нұрмақов көшесі, №1 үй мекенжайда қабылданады, кадрлық дамыту бөлімі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізімі:
1) өтініш (нысанға сәйкес);
2) сауалнама (нысанға сәйкес);
3) кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы (нысанға сәйкес);
4) қолмен толтырылған және басылып жазылған толық өмірбаяны (нысанға сәйкес);
5) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
6) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
7) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
8) әскери билеттің немесе әскерге шақыру учаскесіне тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі;
9) 3х4 үлгідегі (2 дана) сурет;
10) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес азаматтың және оның жұбайының (зайыбының) табыстары мен мүліктері туралы декларацияны тұратын жері бойынша мемлекеттік кіріс органына табыс еткенін растайтын құжаттар;
11) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды өткізу кезінде жарамды, шекті мәннен төмен емес қолданыстағы заңнаманы білуге арналған компьютерлік тестілеудің нәтижелері;
12) прокуратура органдарында қызмет өткеруге жарамдылығын анықтау үшін әскери-дәрігерлік комиссиялардан медициналық және психофизиологиялық куәландырудан, сондай-ақ полиграфологиялық зерттеуден өтудің және міндетті арнайы тексеріс қорытындылары;
13) құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органдарының соттылығы жоқтығы, сот тәртібімен соңғы бір жылдың ішінде қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылмағаны туралы анықтама;
14) соңғы жұмыс (оқу) орнынан мінездеме.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және іскерлік беделіне қатысты (білікті тілігін арттыру, ғылыми (академиялық) дәрежелер мен атақтардың берілуі, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері) қосымша ақпарат бере алады.

Құжаттар мұқабада тізбесі көрсетіліп, тігіліп тапсырылуы тиіс.

Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының және басшы орынбасарларының жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі

Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты	Байланыс телефоны (алдын ала жазылу. Анықтамалық бөлме №)	Сенім телефоны
Әбдіқалықов Ержан Қыпшақбайұлы	Басқарма басшысы	Әр аптаның жұма күні	11:00-ден 13:00-ге дейін	8/7242/ 60 54 76 №447 бөлме	8/7242/ 60 54 76
Әбсұлтанов Қайрат Байғабылұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның дүйсенбі, сәрсенбі күндері	11:00-ден 13:00-ге дейін	8/7242/ 60 54 76 №447 бөлме	8/7242/ 60 54 76
Тілеуов Дамир Маратұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның сейсенбі, бейсенбі күндері	16.00-ден 19:00-ге дейін	8/7242/ 60 54 76 №430 бөлме	8/7242/ 60 54 76

ИЕЛІГІҢІЗДЕГІ ЖЕР ЖӘНЕ МҮЛІК ҮШІН САЛЫҚ ТӨЛЕУДІ ҰМЫТПАҢЫЗ!

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті жеке тұлғалардың 2017 жылға жер және мүлік салықтарын 2018 жылдың 1-қазанынан кешіктірмей төлеу қажеттігін ескертеді.

ҚР Салық кодексінің 73-бабының 5-тармағына сәйкес салық органдары жеке тұлғаларға мүлік, жер және көлік салығы бойынша есептеген салықтық міндеттемелерінің сомалары және салықтық берешектің сомасы туралы мәліметтерді:
• салық органдарының интернет-ресурстарына орналастыру;
• коммуналдық көрсетілетін қызметтерді беруші есеп айырысулар үшін қолданатын құжаттарда көрсету;
• салық төлеушінің электрондық поштасының мекен-жайларына жіберу, салық төлеуші ұсынған ұялы телефондардың нөмірлеріне қысқа мәтіндік хабар жіберу жолымен ұсынады.

Бұл ретте, жеке тұлғалар осы қызметтерді алу үшін тұрғылықты жердегі салық органдарына электрондық поштасының мекен-жайларын, ұялы телефондардың нөмірлерін жазбаша түрде береді.

Одан басқа, Салық кодексінің 21-бабының 3-тармақшасына сәйкес, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдіктерінің өкілдері өз орнында жеке тұлғаларға төлейтін мүлік, көлік құралдары және жер салықтары сомасы туралы хабарламаны табыс етеді.

Есептелген салық сомалары туралы мәліметтер жоғарыда аталған әдістер немесе жолдар бойынша жеткізілмеген жағдайда, орналасқан жері бойынша Мемлекеттік кірістер басқармаларынан анықтап төлеуге толық мүмкіндіктер қарастырылған.

Сондай-ақ, 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап салық заңнамасына енгізілген жаңа нормаға ерекше көңіл аударуды сұраймыз:
- жеке тұлға 1 айлық есептік көрсеткіштен астам көлемдегі салық берешектерін төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда жеке тұлғаға салық берешегі туралы хабарлама берілген күннен бастап отыз жұмыс күн өткеннен кейін салық органы жеке тұлғадан берешекті өндіру туралы салық бұйрығын шығарады;
- салық берешегі өтелмеген жағдайда салық органы салық бұйрығын мәжбүрлеп орындау үшін атқару органдарына жолдайды.

Бұл ретте салық қарыздарын өндіру кезінде сот орындаушының қызмет төлемақысы өндірілетін соманың 25 пайызын құрайды. Бұл жағдайда жеке тұлғада салық берешегінен басқа қосымша шығындар туындайды, оған салық берешегімен қоса, сот орындаушысының пайыз төлемдерін төлеу қажет болады.

«Атқарушылық өндіріс және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 33-бабының 1-тармағына сәйкес, егер борышкер атқарушылық құжаттағы жиырма айлық есептік көрсеткіштен астам сомаға талаптарды орындамаған кезде, сондай-ақ мерзімдік төлемдерді өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды үш айдан астам орындамаған кезде сот орындаушысы көрсетілген адамдардың Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеу туралы қаулы шығаруға құқылы.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес әрбір өткізіп алынған күн үшін өсімақы есептелетіндіктен, жеке тұлғаларға мүлік және жер салықтарын уақытылы төлеу қажеттігін тағы бір мәрте еске саламыз.

Ж.ҚАРСАҚБАЕВА,
Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің бас маманы.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР НАЗАРЫНА!

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті жеке тұлғалардың 2017 жылға жер және мүлік салықтарын 2018 жылдың 1-қазанынан кешіктірмей төлеу қажеттігін ескертеді.

Байланыс телефоны: 23-88-30.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті.

ҚҰРМЕТТІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР!

2018 жылдың 17 қыркүйегінен бастап Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының «Салық төлеушілердің ақпаратын қабылдау және өңдеу орталығының» жұмыс кестесі өзгергендігін назарларыңызға саламыз.

Жаңа жұмыс кестесі: Дүйсенбі – жұма күндері сағат 9:00-ден 20:00-ге дейін, түскі үзіліссіз. Сенбі, жексенбі – демалыс күндері.

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

ЗК-169/5 мекемесі төмендегі бос аға және орта басшы құрам қызметкерлеріне
КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ

Медицина бөлімінің бастығы - 1 бірлік;
Дәрігер терапевт - 1 бірлік;
Дәрігер стоматолог - 1 бірлік;
Дәрігер психиатр-нарколог - 1 бірлік;
Дәрігер фтизиатр - 1 бірлік.

Барлық туындаған сұрақтар бойынша төмендегі телефондарға хабарласуларыңызға болады: 20-05-38, 87713390238 (ұялы) кадр тобы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2018 жылдың 11 қыркүйектегі ұйғарымымен "Асетан Строй-Маркет" ЖШС-на (БСН 080140006849) қатысты оңалту рәсімін қолдану бойынша азаматтық іс қозғалғанын хабарлайды.

Барлық талап-тілектер мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29 үй.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Божанов Қайрат Әбсадықұлының атына Қызылорда облысының ішкі істер департаментінен берілген КЗ №10046 қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

ЖАС ОТБАСЫЛАР САЙЫСҚА ТҮСТІ

А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде жас отбасылар арасында «Жас отау» облыстық байқауы өтті. Маңызды шараны облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ мен ҰҚК шекара қызметі 2019 әскери бөлімі бірігіп ұйымдастырды.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Төрт кезеңнен тұратын байқауда қатысушылар тек ән-жыр айтумен шектеліп қалған жоқ. Салт-дәстүрмен сабақтасқан сұрақтарға жауап беріп, отбасы құндылықтарын дәріптейтін көріністерді көрермен назарына ұсынды. Бір сөзбен айтқанда, ата-бабадан мирас болып қалған мәдени мұраны жеткіншектердің зердесіне сіңіре білді. Топтан дара шығып, жиналған қауымның алғысына бөленгендердің қатарынан Наурызбаевтар отбасы табылды. 2 қыз, 1 ұл тәрбиелеп отырған Арман мен Салтанаттың мұндай байқауға алғаш қатысуы екен. Олар бұл бастаманың балалар үшін берері мол екенін алға тартады. Ұйымдастырушылар да отбасы – ең қымбат қазына, өмірдің өзегі екендігін, мұндай тағылымды шараларды ұйымдастыру дәстүрге айналып келе жатқанын айтуда.

Суретті түсірген: **Н.НҰРЖАУБАЙ.**

Turymbet Salqynbaıuly – 150

ҰЛАҒАТЫ ҰРПАҚ ЖАДЫНДА ЖАҢҒЫРҒАН ЖЫРАУ

Кеше Қармақшы ауданында Сыр сүлейі, жампоз жырау Тұрымбет Салқынбайұлының туғанына 150 жыл толуына орай мерекелік шара өтті.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.

Мерекеге қатысушылар алдымен жыраудың туған топырағы Ақтөбе ауылына барып, аудан әкімдігінің қолға алуымен қайта жаңғыртылып, күмбезделген жырау бейітіне құран бағыштады.

Мұнан соң қонақтар биыл 40 млн теңгеге жөндеуден өткізілген аудан орталығындағы Т.Салқынбайұлы атымен аталатын әуез мектебінде болды.

Ш.Төлепова атындағы аудандық мәдениет үйінде өткен «Тау тұлға – Тұрымбет жырау» атты ғылыми-танымдық конференция жырау мен жыраулық өнердің өлмес рухын паш етті.

Конференцияны аудан әкімі С.Мақашев ашып, барша жұршылықты жыр мерекесімен құттықтады. Мұнан кейін «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Е.Байтілес сөз алып, жыраулық мұраға көзінің қарашығындай қарайтын қармақшылықтарға алғысын білдірді. Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Т.Тебегенов, этнограф-жазушы Т.Дайрабай, жыраудың ұрпағы И.Бекмаханов секілді ғалымдардың баяндамалары тыңдаушыларына мол мағлұмат тарту етті.

Тағылымды жиын соңы республикалық жыршы-жыраулар байқауына ұласты.

Балқы Базар, Дүр Оңғарлардың жолын жалғап, жыраулық өнерімен өз өңірімізден бөлек өзбек, түркімен еліне де танылып, мектеп қалыптастырған Тұрымбет Салқынбайұлы ерекше дарын иесі болған.

Шығыстық ұлгідегі «Көроғлы», «Жүсіп-Зылиқа», «Әуезхан», «Ақтам», секілді дастандарды таңды таңға ұрып айтып, өз жанынан «Мәжит пен патша қызы» атты дастан шығарып қалдырған жыраудың рухани мұрасы бүгінгі ұрпақтың қазынасына айналып отыр. Кете Жүсіп, Жиенбай жыраулармен айтысқа түскен оның «Шырқау дауысы», «Гөй-гөй», «Күмісайжан» атты әндері де бар. Шығармалары «Пернедегі термелер», «Айтыс» жинақтарында жарияланып, «Талайды таңырқатқан жырау едім» атты жеке жинағы жарық көрген.

Міне, мәдениетіміз бен рухани өміріміздің бір ерен тұлғасы Тұрымбет жырау есімі осылай ұлықталды.

Ұлағаты ұрпақ жадында жаңғырды.

БАЛАНЫҢ ЖЕТІСТІГІ – ҰЖЫМ МЕРЕЙІ

Жуырда А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде облыстық «Жүрек жылуы» атты өнер фестивалі өткен болатын.

Мүмкіндігі шектеулі балалар бұл күні ерекше қуанышта болды. Қызылорда қаласының 200 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылған шараға «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығы» атынан «Жас дәурен» тобының қызмет алушылары көркем сөз жанры бойынша Фархад Жетпісбаев Қ.Асановтың «Ауыртпалық түспесін қазағыма» атты өлеңін мәнерлеп оқып, I орынға ие болды. Ән жанрынан Мырзалы Серікұлы «Ұлы дала» әнін әуелете шырқап, бас жүлдені иеленді. Күндізгі бөлімнің «Шапағат» бишілер тобы үнді биін билеп, II орын алып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Мың бұрала билеген бишілерге сыйлықтар беріліп, алғыс хаттармен марапатталды.

Жыл сайынғы дәстүрлі республикалық, облыстық конкурстарға қатысып, қызмет алушылардың үлкен жетістіктерге жетуіне орталықтың басшылық тарапынан қолдау көрсетіліп келеді. Өмірге деген құлшынысын арттырып, әр баланың жүрегінен орын таба білген психолог мамандардың, өнерге деген сүйіспеншілігін арттырып жүрген музыка мұғалімі М.Балмановтың жасаған ықпалы мол. Жүйелі жұмыс жүргізуді басты назарда ұстаған, бала бойында танымдық көзқарасын қалыптастыра білген дефектолог-мұғалімдер Ж.Ниязбекова, К.Қалмаханова, З.Ахметова, өз-өзіне қызмет етуге тұрмыстық дағдыларына бейімдеген тәрбиешілер Ж.Кенжебаева, И.Досымбетова, А.Сағынтай, т.б педагогтардың еңбегі елеулі.

Балалардың шығар биігі, болашаққа сенімі, күтер үміттері алда.

С.ЕСІНТАЕВА,
Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығының психолог маманы.
Ж.НИЯЗБЕКОВА,
дефектолог- мұғалім.

ДЕПАРТАМЕНТ МАМАНДАРЫ ДИКТАНТ ЖАЗДЫ

Облыс бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаменті осы салаға қарасты мекеме қызметкерлерінің латын қарпінде жазу дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Латын әліпбиі тілімізге серпін береді» атты жаппай диктант жазу акциясын ұйымдастырды.

Тілдерді оқыту орталығында өткізілген шараға ЗК-169/1 мекемесінен 15 қызметкер қатысты. Орталықтың оқытушысы А.Махамбетова жаңа әліпбидің ең соңғы нұсқасымен таныстырып, ол барлығына таратылып берілді. Осыдан кейін акцияға қатысқандар елорданың 20 жылдығына орай «Астана – тәуелсіздіктің жемісі» тақырыбында латын қарпінде диктант жазды.

Рухани жаңғыру аясындағы бұл акция алда уақытта да жалғасын табады.

Дана ДОСТАНОВА,
Қызылорда облысы бойынша ҚАЖД тіл маманы.

ЖАСТАР ЖОБАСЫ ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУДА СЫНАЛАДЫ

Кеше Студенттер сарайында өңірдегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен жүзеге асырылып отырған жастардың әлеуметтік бастамаларын қолдау бағытындағы «Бизнес-инкубатор» жобасы аясында Қорқыт ата атындағы ҚМУ студенттерінің қатысуымен жиын өтті. Онда жастардың экологиялық және экономикалық тұрғыдағы бизнес-жобаларын үйлестіруші «Enactus Korkyt Ata» командасының жұмысы таныстырылды.

Ғазиза ӘБІЛДА.

Шарада «Бизнес-инкубатор» жобасының жетекшісі Жандос Оразмаханов команданың жұмысы жайлы жастарға кең көлемді ақпарат берсе, жоба аясында жұмыс жасап жатқан резиденттер өз тәжірибелерімен бөлісті. Мұндағы мақсат – жастар арасында бизнес-идеяларды талқылайтын, сондай-ақ, олардың жаңаша кәсіптік бастамаларын үйлестіретін ашық алаң қалыптастыру. Бұл орайда «Enactus Korkyt Ata» командасының жеткен жетістіктері мен алдағы жоспарларының жайы сөз болды.

Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университеті жанынан ашылған «Бизнес-Старт» орталығы 25 жобаны жүзеге асырып отыр. Оның аясында 80-ге жуық жастың жобасы қамтылған. «Enactus Korkyt Ata» командасы осыған дейін өткен республикалық байқауда 1-ші орын иеленіп, стипендиант атанған болатын. Сондай-ақ, «Zhas Project» жобасында 1 млн теңге грант ұтып алған. Қазіргі таңда «Enactus Korkyt Ata» Германия елінің жоғары оқу орындарында ұйымдастырылып жатқан байқауға қатысып, өз жобаларын қорғап шығуға күш салуда.

Біріккен ұлттар ұйымының құжаттарында бекітілген дамудың 17 бағыты бойынша өз жобаларын ұсынатын «Enactus Korkyt Ata» командасы енді ұлттық байқауда бақтарын сынайтын болады.

ЖАҢА ИНТЕРНЕТ – РЕСУРС

Қызылорда қаласында Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Ақпарат толқыны» кіші бағдарламасы және Қызылорда қаласының 200 жылдығы аясында арнайы http://www.qorda.kz/ сайты өз жұмысын бастады.



Үкіметтік емес ұйымдар арқылы «Арнайы сайт жұмысын үйлестіру» жобасы бойынша жасалған интернет-ресурсты «Үшқыр жебе» ҚҚ ұйымы әзірлеп, жергілікті бюджеттен қаржы бөлінді.

Жоба жетекшілері осы арқылы жерлестеріміз бен қала қонақтарына ақпараттық қолжетімділікті қалыптастыруды көздеп отыр.

Осы мақсатта сайтта қаладағы әлеуметтік нысандар, мәдени ошақтар, ойын-сауық орталықтары, демалыс орындары, саябақтар, мейрамханалар мен қонақ үйлер секілді қажетті барлық нысандардың мекен-жайы көрсетіліп, олар туралы ақпараттар берілген.

Интернет-ресурстан Қызылорда қаласының 200 жылдық мерекесі аясында ұйымдастырылатын шаралар туралы толық ақпарат алуға болады.

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Ақпарат толқыны» кіші бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған аймақтағы алғашқы интернет-ресурста қала әкімдігінің әлеуметтік желілердегі (Facebook, Вконтакте, Instagram, Qyzylorda Open) парақшаларына тікелей кіруге мүмкіндік жасалған.

Қалалық ішкі саясат бөлімі мамандарының айтуынша, жақын күндері «Ақылды қала» жобасы аясында «Q City» атты мобильді қосымшасы іске қосылады. Қосымша арқылы қала әкімдігімен тікелей байланыс жасап, түрлі салаға қатысты мәселелерді шешуге мүмкіндік туады.

«СБ» ақпарат.

Кірпіш сатылады

Қызылорда қаласында украиналық құралмен жабдықталған М-125 маркалы қатпарлы кірпіш сатылады. Өлшемі 250х120х88 мм, 250х120х65мм.
Байланыс тел.: 8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69. **(10-6)**

Кезекші редактор **Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.**

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. "АҚ" - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28729
Тапсырыс №1502

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz